

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптар көлемін айқындау үшін комиссия құру және оның жұмысын ұйымдастыру ережесін және қолайсыз табиғат құбылысы фактісі бойынша зерттеу актісінің нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 қазандағы N 1010 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 648 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.08.2015 № 648 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 9-2 /175 бұйрығын қараңыз.

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптар көлемін айқындау үшін комиссия құру және оның жұмысын ұйымдастыру е р е ж е с і ;

2) қолайсыз табиғат құбылысы фактісі бойынша зерттеу актісінің нысаны б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 0

қ а з а н д а ғ ы

N

1 0 1 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптар көлемін айқындау үшін комиссия құру және оның жұмысын ұйымдастыру ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптар көлемін айқындау үшін комиссия құру және оның жұмысын ұйымдастыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптар көлемін айқындау үшін комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құру және оның жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

агент - жалғыз акционері мемлекет болып табылатын, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық холдингтің құрамына кіретін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам;

қолайсыз табиғат құбылысының фактісі бойынша зерттеу актісі (бұдан әрі - зерттеу актісі) — Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңында талаптар көзделген, егістің ішінара немесе толық жойылуы мен қолайсыз табиғат құбылыстарының әсері арасындағы себеп-салдарлық байланысты растайтын құжат;

өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - өсімдік шаруашылығын дамыту саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік орган;

сақтандырушы - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе оның пайдасына шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жасауға м і н д е т т і з а ң д ы т ұ л ғ а ;

сақтанушы - өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және сақтандырушымен немесе өзара сақтандыру қоғамымен міндетті сақтандыру шартын жасасқан тұлға;

өсімдік шаруашылығындағы өзара сақтандыру қоғамы - өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласында өз мүшелерінің мүліктік мүдделерін өзара сақтандыруды жүзеге асыру мақсатында тұтыну

кооперативінің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.17 № 425 Қаулысымен.

2. Қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптардың көлемін айқындау үшін комиссия құру және оның жұмысын ұйымдастыру тәртібі

3. Сақтанушыдан комиссия құру туралы өтініш алған кезде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы өтінішті комиссия құру туралы өтініштерді тіркеу журналына тіркейді. Өтініштің көшірмесі қабылданған күні мен кіріс нөмірі белгісімен сақтанушыға қайтарылады.

4. Сақтанушыдан өтініш алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының шешімімен қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптардың көлемін айқындау үшін комиссия құрылады.

5. Комиссияның құрамы, оның төрағасы және хатшысы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының шешімімен белгіленеді.

Комиссияның құрамына жергілікті атқарушы органның, өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның, агенттің, сақтанушының, сақтандырушының немесе өзара сақтандыру қоғамының өкілдері к і р е д і .

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.17 № 425 Қаулысымен.

6. Комиссия құру туралы шешім қабылданғаннан кейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға, агентке, сақтандырушы немесе өзара сақтандыру қоғамы мен сақтанушыға комиссияның жұмысын ұйымдастыру туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Хабарламада сақтанушының мекен-жайы, оның өтінішінің тіркеу нөмірі мен күні, сақтанушының өтінішінде көрсетілген қолайсыз табиғат құбылысының түрі, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі қаулысының нөмірі мен күні, сондай-ақ қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарды қарауды жүргізу күні, мерзімі және орны көрсетіледі.

Комиссияның зерттеу үшін шығу мерзімі комиссия құру туралы шешім қабылданған күннен бастап екі күнтізбелік күннен кешіктірілмей белгіленеді. Сақтанушыны қоспағанда, комиссия мүшелерінің қандай да бірі оларды тиісті түрде хабардар еткенде болмаған кезде комиссия зерттеуді жүргізеді және комиссия хатшысы комиссия мүшесінің болмауы фактісін зерттеу актісінде

б е л г і л е й д і .

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.17 № 425
Қ а у л ы с ы м е н .

7. Қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарды зерттейтін жерге келгеннен кейін комиссия төрағасы комиссия мүшелеріне сақтанушының комиссия құру туралы өтінішін ұсынады.

8. Қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарды зерттеу кезінде сақтанушы комиссияға:

1) егістік жерлердің картасын (схемасын);

2) егіске ұзақ мерзімді қолайсыз табиғат құбылысының әсері жағдайында өздерінің құзыретіне сәйкес оның болуы фактісін растайтын гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның анықтамасын;

3) егіске қысқа мерзімді қолайсыз табиғат құбылысының әсері жағдайында гидрометеорологиялық қызмет органына және (немесе) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға өзіне болған қолайсыз табиғат құбылысының фактісі бойынша қабылданған күні туралы белгісі бар анықтама беру туралы өтініштің көшірмесін ұсынады.

9. Комиссия сақтанушы мәлімдеген егістік алқабын өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен егістігі жойылған алқаптарды айқындау әдістемесі бойынша зерттейді және зерттеу нәтижелері бойынша өсімдік шаруашылығы өнімінің: толық немесе ішінара жойылу дәрежесін а й қ ы н д а й д ы .

10. Комиссия зерттеу нәтижелері бойынша зерттеу күні қолайсыз табиғат құбылысының әрбір фактісі немесе олардың жиынтығы және өсімдік шаруашылығы өнімінің түрі бойынша жеке, үш данада осы қаулымен бекітілген нысан бойынша қолайсыз табиғат құбылысының фактісі жөнінде зерттеу актісін ж а с а й д ы .

Зерттеу актісіне комиссия мүшелерінің бәрі қол қояды, ол содан кейін агенттің, сақтандырушының немесе өзара сақтандыру қоғамының және сақтанушының өкілдеріне беріледі.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.17 № 425
Қ а у л ы с ы м е н .

11. Өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның өкілі - комиссия хатшысы зерттеу актісін жасауға жауапты болып табылады.

12. Егер комиссия мүшелерінің біреуі қабылданған шешімге келіспеген және зерттеу актісіне қол қоймаған жағдайда, ол комиссияға өзінің бас тарту себептерін жазбаша нысанда ұсынады, олар зерттеу актісіне қоса беріледі.

Бұл ретте хатшы зерттеу актісінде зерттеу актісіне қол қоюдан бас тарту
т у р а л ы б е л г і қ о я д ы .

12-1. Комиссия мүшелерінің үштен екі бөлігінің қолдары болған кезде
зерттеу актісі қабылданған болып есептеледі.

Ескерту. Ереже 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.17 №
4 2 5 Қаулысымен.

13. Сақтандырушы немесе өзара сақтандыру қоғамы зерттеу актісін
сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу кезінде қолданады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.17 № 425
Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 0 қ а з а н д а ғ ы
N 1 0 1 0 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қолайсыз табиғат құбылысы фактісі
бойынша зерттеу актісінің нысаны

Ескерту. Нысанға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.17 № 425
Қаулысымен.

200__жылғы "__"_____»
----- облысы
----- ауданы
_____ ауылы (елді мекен)

(Жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның толық атауы) өтініші
бойынша құрылған және _____ ауданы (облыстық маңызы бар қала)
әкімдігінің 200__жылғы»"__"_____N__ қаулысының негізінде жұмыс
істейтін мынадай құрамдағы комиссия:

1. Комиссияның төрағасы:

(ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы орган
өкілінің Т.А.Ә.)

2. Комиссияның хатшысы:

(өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган өкілінің аты-жөні)

Комиссия мүшелері:

1. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.05.17 № 425 Қаулысымен.

2. _____
(агент өкілінің Т.А.Ә.)

3. _____

(сақтандырушы немесе өзара сақтандыру қоғамы өкілінің Т.А.Ә.)

4.

(сақтанушы өкілінің Т.А.Ә.)

_____ облысы _____

ауданы _____ ауылдық округінде орналасқан _____

(сақтанушының Т.А.Ә.)

егістік алқапты (өсімдік шаруашылығы өнімінің түрін көрсету)

зерттеуді жүргізді және мынаны анықтады:

Өсімдік шаруашылығындағы 200__жылдың "__"_____N_____ міндетті

сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған егістік алқап _____ га

құрайды

_____ (өсімдік шаруашылығы өнімінің түрі)

1 га. _____ теңге нормативі бойынша сақтандырылды

р/с	Алқап N	Іс жүзінде сақтандырылған алқап, га	Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының N және жасалған күні	Қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған алқаптардың көлемі	Егістердің толық немесе ішінара жойылуын айқындай отырып, қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптардың жай-күйін сипаттау (өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен егістіктің жойылуын айқындау әдістемесіне сәйкес)
1					
2					
	Барлығы				

Тұжырымдар:

Комиссия мүшелерінің қолтаңбалары:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

6. Комиссия хатшысы _____